

Журналистика және саясаттану факультеті




**Журналистика және саясаттану факультетінің
білім беру бағдарламасының топтары бойынша онлайн сұхбат
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

Әзірлегендер:

Саясаттану
кафедрасының меңгерушісі, PhD



Рыстина И.С.

Баспасөз және баспа ісі
кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.,



Әшірбекова Г.Ш.


Телерадио және қоғаммен байланыс
кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.,



Дүйсенғазы С.М.

«B040 - Саясаттану», «B042 – Журналистика және репортерлік іс» бойынша білім беру бағдарламасы топтарының сұқбат өткізу бағдарламасы «Саясаттану» кафедрасының 2020 жылғы 26 маусым №11 хаттамасында, «Баспасөз және баспа ісі» кафедрасының 2020 жылғы 20 мамыр №11 хаттамасында, «Телерадио және қоғаммен байланыс» кафедрасының 2020 жылғы 19 маусым №12 хаттамасында қарастырылды

Саясаттану кафедрасының меңгерушісі



Рыстина И.С.

Баспасөз және баспа ісі
кафедрасының меңгерушісі



Әшірбекова Г.Ш.

Телерадио және қоғаммен байланыс
кафедрасының меңгерушісі



Дүйсенғазы С.М.

Журналистика және саясаттану факультетінің оқу-әдістемелік комиссиясының (ОӘК) отырысында мақұлданды. «22» мамыр, 2020 жыл. №6 хаттама.

Факультеттің ОӘК төрағасы



Пернебекова А.П.

Журналистика және саясаттану
факультетінің деканы



Сақ Қ.Ө.

Келісілді:

Оқу ісі жөніндегі проректор



Оңғарбаев Е.А.

ОНЛАЙН СҰХБАТ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Негізгі ереже
2. Сұхбаттасу ережелері
3. Сұхбаттасу нәтижелерін бағалау критерийлері
4. Сұхбат мазмұны

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕ

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу орындарына оқуға қабылдаудың типтік ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Онлайн сұхбаттың мақсаты - шетелдік азаматтардың кәсіби қабілеттерін анықтау, олардың журналистика және саясаттану факультетінің білім беру бағдарламаларының топтарында қазақстандық университетте оқуға дайындығын анықтау, сонымен қатар кәсіптік бағдар мен жалпы мәдениеттің деңгейін анықтау.

Өткізу мақсаты:

- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де оқытудың мақсатын анықтау;
- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де оқу мерзімін білу;
- шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасындағы жоғары білім жүйесі туралы хабардарлығын тексеру;
- шетелдік азаматтардың бакалавриатта оқуға қажетті пререквизиттерін анықтау (негізгі мектеп білімінің болуы);
- шетелдік азаматтың топта оқуға және бірлескен әлеуметтік және білім беру іс-шараларын өткізуге дайындығын анықтау.

2. Онлайн режимінде сұхбаттасу ережелері

Шетелдік студенттермен сұхбаттар журналистика және саясаттану факультеті бакалавриатының білім беру бағдарламалары топтарының аясында жүзеге асырылады:

«B029 – Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндірісі»;

«B040 – Саясаттану»;

«B042 – Журналистика және репортерлік іс».

Онлайн сұхбат 2020 жылдың 15 тамызынан 25 тамызы аралығында жүргізіледі.

Онлайн сұхбат жүргізу үшін Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының бұйрығымен бекітілген комиссия құрылады.

Комиссияның мүшелерінің құрамы, төрағаны қосқанда тақ саннан тұрады. Комиссияның шешімі, егер оның отырысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Комиссияның шешімі онлайн-сұхбатқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Онлайн сұхбатты өткізу күні, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және университет сайтында орналастырады.

Сұхбаттасу үшін «Platonus» АИС жүйесінде тіркелу қажет.

Қазіргі уақытта сұхбат Microsoft Teams платформасында онлайн режимінде өткізіледі. Интернеттегі сұхбатқа қатысатын шетелдік азамат

сұхбат кестесіне сәйкес арнайы сілтеме (үміткердің «Platonus» АИС «Талапкер» модуліндегі поштасына жіберіледі) арқылы Microsoft Teams платформасында конференцияға қосылуға және камера мен микрофонды белсенді режимде ұстауға міндетті.

Онлайн сұхбаттасу үшін үміткерге ноутбук немесе компьютер, бейнекамера және интернетке кіру қажет.

Онлайн-сұхбатты бастамас бұрын, пәндік комиссия мүшелері келген үміткерді анықтайды. Комиссия университетке түсетін үміткерді Microsoft Teams платформасы арқылы үміткердің бейнесі бейнеленген бұрын алынған жеке куәліктің көшірмесімен анықтайды.

Өтініш берушінің жеке басын сәйкестендіру рәсімінен кейін, сұхбаттасу рәсімі басталады.

Сұхбат екі тілдің бірінде: мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі

Үміткерге осы бағдарламаның 4 бөлімінде көрсетілген сұрақтар қойылады. Сұхбаттасудың барлық процесі, басынан аяғына дейін, Microsoft Teams платформасында «конференцияны жазу» функциясы арқылы жазылады.

Шетелдік өтініш берушілермен әңгімелесу ұзақтығы 30 минуттан аспайды. Онлайн сұхбат әр үміткермен жеке диалог түрінде өтеді.

Сұхбаттасудың нәтижелері бойынша комиссия мүшелері сұхбаттасу хаттамасын жасайды және оны шетелдік азаматтарға қатысты нақты ұсыныстармен Қабылдау комиссиясына жібереді.

Сұхбаттасу нәтижелері бойынша апелляция қабылданбайды. Қайта қабылдау рұқсат етілмеген. Сұхбаттасу нәтижелері сұхбаттасу өткізілген күні университет сайтында (www.enp.kz). орналастырылады.

3. ОНЛАЙН СҰХБАТ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Сұхбат ауызша онлайн режимінде жүргізіледі. Сұхбат барысында комиссия мүшелері шетелдік азаматтың Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-не оқуға дайындығын бағалау үшін журналистика және саясаттану факультетінің білім беру бағдарламалары топтары үшін келесі өлшемдерді қолданады.

- жіберілді
- жіберілмеді.

Егер үміткер осы бағдарламаның 4-тармағындағы тізімінен комиссияның 5 сұрағының 4-5-не жауап берсе, ол оқуға түсуге «рұқсат» алады. Егер үміткер сұрақтарға жауап бере алмаса және болашақ мамандығы туралы білмесе, оған Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ге оқуға түсуге «рұқсат етілмейді».

4. ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОНЛАЙН СҰХБАТЫ МАЗМҰНЫ

Сұрақтар тізімі

1. Саясаттану түсінігі. Саясаттану нені зерттейді?
2. Мемлекет мемлекеттік саясатты іске асырудың механизмі ретінде, Мемлекеттік аппарат дегеніміз не?
3. Халықаралық қатынастар қызмет саласы ретінде
4. Мемлекеттік органдардағы баспасөз қызметі
5. Бір елдің қазіргі заманғы мемлекеттік саясаты (таңдау бойынша)
6. «Әлемдік саясат», «саяси протокол», «ақпараттық қоғам», «көпконфессионалды қоғам», «өркениет», «саяси режим» ұғымдары туралы айтып беріңіз.
7. Әлемдік діндердің мемлекеттік саясаттағы рөлі
8. Шет елдердің заманауи тарихындағы маңызды оқиғалардың ролін анықтау
9. Қазіргі халықаралық қақтығыстар (таңдау бойынша)
10. Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуы

Шығармашылық шеберлікті анықтауға арналған сұрақтар тізімі:

11. Журналистиканың қоғамдағы ролі?
12. Менің қаламның (ауданның) БАҚ; тақырыптар, оқиғалар.
13. Әлемдегі соңғы саяси оқиғалардың БАҚ сипатталуы.
14. Баспа құралдарының қоғамдағы ролі. Сіз қандай газеттерді оқисыз?
15. Теле және радионың қоғамдағы ролі. Сіз қандай бағдарламаларды көресіз?
16. Мен үшін журналистикадағы маңызды тақырып.
17. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікірге әсері.
18. Танымал теледидар және радио журналистері.
19. Менің арманымдағы теледидар.
20. Адамның өміріндегі жарнама орны.

5 Ұсынылған әдебиеттер

1. Политология: учебник для студентов высших учебных заведений / под общ. ред. А.Н.Нысанбаева; Алматы: Эверо, 2012.- 367 с.
2. Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации.- Алматы, 2016
3. The Oxford Handbook of Political Science [Text] / edited by R.E.Goodin.- Oxford; New York: Oxford University Press, 2011.- 1291p
4. Johnson, J.B. Political science research methods/ J.B. Johnson, H.T. Reynolds, J.D. Mycoff.- 6th ed.- Washington: CQ Press, 2008.- 613p.: ill
5. Фролова, Т.И. Журналистика для абитуриентов. Творческий конкурс: учебное пособие / Т.И. Фролова. – М.: Факультет журналистики МГУ, 2015. – 184 с.
6. Как написать сочинение. Из опыта вступительных экзаменов в МГУ имени М.В.Ломоносова. В помощь абитуриенту. – М.: МГУ, 2006.